

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің
2022ж. 15-маусымдағы
шешімімен
(№ 11/2022 хаттама),
бекітілген

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясаты

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) қызметі ҚМГ-нің әрбір ЕТҰ-да бейімделген халықаралық нормаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттарға, ҚМГ саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Біз өз қызметіміздің адам құқықтарына теріс әсерін болдырмау және жұмсарту жөніндегі шараларды ұдайы жетілдіріп отыруға талпынамыз және осы мақсатта тұрақты негізде өз әсеріміздің ықтимал және нақты салдарын бағалау және бақылау бойынша жұмыс жүргіземіз және оңтайлы стратегиялар мен шешімдерді әзірлеп отырамыз.

Бізбен ынтымақтасатын мүдделі тараптардың ҚМГ-де көзделген кепілдіктерді өз қызметкерлеріне беруге келісуін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бізбен ынтымақтастық барысында біздің өнім берушілер мен бизнес-серіктестер осы саясаттың рухын ұстанып, барлық халықаралық танылған адам құқықтарын құрметтеуге деген ұмтылысымызды қолдайды деп үміттенеміз.

Адам құқықтары саласында біз мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның жоғары басшылығы деңгейінде келісе отырып, саладағы адам құқықтарына әсер етумен байланысты мәселелерді шешу үшін бағдарламалар қабылдау;
- адам құқықтарына әсерін бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағымдар мен наразылықтарды қарау тетіктерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе жеңілдету үшін өтеу және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есептілікті жасап, адам құқықтарына әсерін бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті сақтық таныту;
- өз қызметкерлеріне теріс әсерлерді жою үшін құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-нің персоналдан және үшінші тараптардан адам құқықтарына қатысты талабын ашып көрсету;

- Саясатты қызметкерлер мен сыртқы мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу.

ҚМГ және ҚМГ тобына кіретін оның ұйымдары қызметінің ауқымы елдің бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар, көптеген адамдардың мүдделерін қозғайды.

Бұдан ҚМГ тобының қызметіндегі бірқатар маңызды қағидаттар туындайды: қоғамның мүдделеріне мұқият қарау, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оларда қолайлы іскерлік жағдай құруға, лайықты еңбек жағдайларын жасауға, адамдардың әлеуметтік және рухани әл-ауқатына толық жәрдемдесу.

Осыған байланысты ҚМГ экономикалық ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік құрамдас бөлігіне де жоғары көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылып отырады.

ҚМГ әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын бұлжытпай ұстанады, олар: жаңа жұмыс орындарын құру, персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, өз бизнесімізді жүргізетін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету болып табылады.

Біз ҚМГ қызметі жүзеге асырылатын өңірлердегі экономикалық дамуға үлес қосу және өзіміз енгізе алатын әлеуметтік пайдалар диапазонын кеңейту арқылы қоғамдастықтың ортақ құндылықтары мен орнықты дамуын ілгерілетуге ықпал ету міндеттемесін қабылдаймыз.

Қоғамдастықтарды дамыту саласында біз мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- тиісті бастамалар қабылдай отырып, қоғамдастықтардың дамуын ынталандыру;

- қоғамдастықтардың дамуын жоспарлауға және/немесе бақылауға жергілікті мүдделі тұлғаларды жүйелі түрде тарту;

- қоғамдастықты дамытудың нақты мақсаттары мен мерзімдерін белгілеу;

- қоғамдастықты дамыту жөніндегі бағдарламаларды бақылауды жүзеге асыру;

- қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының нәтижелерін ашып көрсетіп есеп беру.

ҚМГ ұйымдары қызметкерлерді, кәсіподақтарды, зейнеткерлерді, ардагерлерді, жергілікті тұрғындарды, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін, жергілікті атқарушы органдарды, қоғамдық ұйымдарды, барлық жергілікті білім беру, медицина, мәдениет мекемелерін, ведомстволық ұйымдарды және басқаларды қамтитын жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды.

Біз тиісті заңнамалардың талаптарын сақтай отырып, жобалардың өмірлік циклінің тиісті кезеңдерінде және ашық ақпарат алмасу негізінде қоғамдастықтармен ашық және белсенді өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдесуге міндеттенеміз.

Біз жергілікті қоғамдастықтармен қоғамдық тыңдауларға қатысамыз, бұл ретте жұртшылықпен қатынастар үшін жауапкершілікті бөлу өндірістік процестерге байланысты болады.

Қоғамдастықтарды тарту саласында біз мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- жергілікті мүдделі тұлғаларды немесе қоғамдастықтарды анықтау жүйесін ресімдеу;

- жобаларды іске асырудың алғашқы кезеңдерінде консультациялар (қоғамдық тыңдаулар) өткізу;

- шағымдар мен наразылықтарды жинаудың, тіркеудің және өңдеудің жалпы қабылданған механизмін пайдалану.